

## ҰЛЫ МҰХАҢ – МҰХТАР ӘУЕЗОВ

Балауса кезімнен есім-сойы құлағымда болыпты. Менің атым осы ұлы тұлғаның құрметіне қойылған. Үлкен әкем Мағауия талай көрген, жақсы білген. Әуелде, шамасы 18–19-жылдар болса керек, біздің шаңыраққа Қатпа атам бастап әкеліпті. Қорамжанұлы, әулеттің ерке, құрметті жиені, шешен, білгір, даңғыл адам, кейінде дана Мұхаң Әулие Абай, оның алыс-жақын төңірегі, Құнанбай қажы, өткен замандағы қым-куыт оқиғалар туралы мол мағлұмат берген тірі тауарих. Мұхаң көршілес керей жұрты туралы көбірек білмек екен. Қатпа өзінің нағашылары Құрымбай ауылын таңдапты. Ол кезде біздің ақсақал да жігіт ағасы, көкірегі кең, елдің дәстүр-салты, аңыз бен жыр, ескілікті әңгімелерге жетік. Қандай кеңес болғанын білмеймін, есте қалған жағдаят – бізбен жамағайын Сыйырбай деген кісі ғарыз айта келеді. Мұханның жақын ағасы Разақтың жылқысын бағыпты. Ат теуіп, кеңсірігі сынған, қайта-қайта қан ұйып, оңала алмай жүр екен. Және Разақта қақысы кеткен. Сол арада Мұхаң өзімен бірге келген ағасына реніш айтып, жылқышының тиесілі еңбегін ғана емес, жарақатына орай, қосымша төлем бұйырыпты. (Бұл Сыйырбай көп кейін, 60-жылдар шамасында дүниеден өтті, аман-есен жазылған, бірақ екі көзінің арасы, кеңсірік үсті тыртықты, ойыс болатын.) Менің атамның Мұхаңмен осы алғашқы көрісі бұрнадан жақсы таныс Разақ арқылы одан әрі жалғасады.

Біздің ақсақал үздік атбегі, сонымен қатар, әйгілі аңшы болған. Сексен жасына дейін баптаған атақты тұлпарларының жайы өз алдына айрықша тауарих. Оның ішінде 60-жылдарда бүткіл Шығыс Қазақстан өңірінде даңққа шыққан, кейінірек менің «Жүйрік» дейтін хикаятыма өзек болған Нарқызыл аттың жөні бір бөлек. Сондай-ақ, атамның жас кезінен қолында ұстаған асыл тұқымды көктарғыл тазылардың соңғы нұсқаларын да өз көзіммен көрдім. «Тазының өлімі» дейтін хикаят, бұл кезде сексеннен асқан, сүйегі ауырлап, аңнан қалған атамның ең соңғы, Арыстан дейтін итінің өзгеше қайғылы тағдыры негізінде жазылған еді. Осы ерекше тұқымның әуелгі бір асыл нәсілі – қасқырды опырып, түлкіні құйындай соғатын Көкдауыл атты тазысының қызығын Мұхаң да көріпті. Біздің кісі Шыңғыстаудың түстік құламасы, Бақанас өзенінің бойында отырады, ауылы іргелес жақын дос Разақтың арнайы шақыртуымен барса керек. Жас Мұхтар өзі бұрнадан жақсы білетін ит аңшылығы туралы қосымша бір деректер алғысы келді ме, қайткенде бой жазар сейіл-серуен, қан сонарға құмартқан екен. Екі күн бірге болыпты. Алғашқы ауда Көкдауыл қатарынан үш түлкі алды дейді. Кештете қыстауға оралып, үйге кірген бетте, бауыры қарлы сауыс, бұла тазы бірден қарғып барып, төсек үстіне шығыпты. Қызыл шымылдық құрылған, қымбат көрпе-жастық жиылған, қамқа, жамылғылы биік төсекке. Разақтың әйелі (атын ұмыттым) тіксініп, «үйбай, үйбай» деп қалған екен, сонда Мұхтар:

«Жатсын, бұл өзі арнап төсек салып беретін ит екен!» – депті. Менің есімде қалған бір сөз.

Әуелгі кездесу, бұдан соңғы еркін аңшылық, бәлкім, тағы басқа да ұшырасулар кезінде қандай әңгімелер айтылғанын ойша тұспалдауға мүмкін. Қазақ ескілігі, осы өлкенің өткеніне қатысты хикаялар, елдің тұрмыс-салты... Және бар кеңес біржақты болмаса керек. Ол замандағы Алаш оқығандары төңірегінде ұлттық мұрат, ағартушылық өнеге, әлем суреті, елдің болашағы туралы әрқилы насихат айта жүрген ғой. Қайткенде де жас Мұхтардың білігі мен парасаты, барлық болмысы біздің кісіге айрықша әсер еткен. Маған әредікте: «Өте ақылды болатын, жастығына қарамастан, кеменгер еді» деп айтқаны есімде. Сондықтан да, жалғыз ұлдан туған, ақыры ол да жалғыз болып шыққан алғашқы немересіне Мұхтар дейтін есім береді. Біздің өлкеде сирек, мүлде дерлік ұшыраспайтын, өзгеше ныспы. Мен өзім мектеп бітіріп, университетте оқыған бозбала жасыма дейін, барлық жұрты бірін бірі жақсы танитын Шұбартау ауданындағы жалғыз Мұхтар болдым.

Мен ес білгеннен біздің шаңырақта екі адамның аты-жөні айрықша кастерлі екен: Абай және ұлы Мұхаң. Абай өлеңдерін төрт-бес жасымнан жатқа айттым. Түгел болмас, біршамасын. Кітаптан емес, атамның айтуынан. Ал Мұхтар Әуезов... ол кезде «Абай» деп қана аталатын «Абай жолы» эпопеясының алғашқы екі кітабын сегіз жасымда оқып, таныған екем. Және сол кездің өзінде көңіл түкпірінде Мұхтар Әуезов сияқты үлкен жазушы болам деген арманды сенім берік бекітті. Ақыры, қиял шындыққа айналды – болдық.

Мен үшін бүгінгі Әуезов – бұрнағы Әуезовтен сәл басқашарак. Алғашқы сыни көзқарас – студент кезім, 1959 жылы Ғылым Академиясында өткерілген, ежелгі мұраға қатысты үш күндік әйгілі конференциядан соң елес берген. Ішкі ренішім өзгеше еді. Жалғыз мен емес, біраз жұртқа, әсіресе кейінгі жастарға тосын көрінген. Заман өзгеріп барады, бірақ Мұхаң жоғарыдан түскен нұсқаудан аса алмай, ескі сарынмен кетіпті. Орайсыз сөздің қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге тигізбек зардабы өз алдына, маған тікелей қатысты нақты нәтижесі – атаулы дәрістері кезінде, басқа балалар жапырлап жатса да, қолымда тұрған «Әр жылдар ойлары» дейтін ғажайып кітапқа автограф сұрамадым. Әрине, дәп осы ретте менікі балалық өкпе. Бұдан соңғы заманда... тағы қаншама кінәрат табылған. Бірақ ең бастысы – Мұхаңның қапас дәуірден озған ерекше тұлғасына кіреуке түспепті. Сол заманда өмір сүрсең өзің қандай болып шығар едің?.. Айту оңай, атқару қиын. Десе де, баз-базында алға тым ұмтылмай, тартына тұрса керек еді...

Енді міне, көзім көрген, білген, кейбірімен қатарлас ғұмыр кешкен үлкенді-кішілі, әрқилы тұлғалар, түптеп келгенде өзімнің өткен өмірім туралы естеліктер топтамасын жазу үстінде... менің адам ретінде, қаламгер ретінде қалыптасу жолымда айрықша әсер, қызметі болған Ұлы Мұхаң көлеңкеде қалмай, құрметті қатарда тұруға тиіс деген тоқтамға келдім. Жасымыз көп кіші, араласымыз болмады, бірақ студент шәкірті ретінде жүзін таныдық, алдын көрдік. Тек бір ұтымсыз жағдай – бұдан

жиырма жыл бұрында бар түйгенімізді дербес мақам ретінде таңбалап қойыппыз. Ойлана келе, тіпті жақсы, ешқандай оғашы жоқ деп шештік. Қатарға ғана қоспаймыз, алға шығарамыз. Біздің пәленбай томдық ең толымды шығармалар жинағымызда ұлы Мұхаң өз алдына және топ ішінде екі жерде екі мәрте жүрсе несі бар. Оның үстіне, осы жолғы мемуарлық еңбекте амалды, амалсыз жағдайда басқа да қажетті қайталаулар ұшырасады. Сондықтан, өткендегі, экспромтпен айтылған риясыз лепесімізді кимадық, әрі жаңа жазбалардың шағын да болса мәнді суретпен толыға түскенін хош көрдік.

Сонымен, Мұхтар Әуезовтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңындағы естелік кешінде сөйлеген сөзіміз. Жазушылар одағы, 26.XII.1996. Ұнтаспа жазбасы. Біздің 2002 жылы жүзеге асқан он үш томдық жинағымыздың соңғы кітабында басылған. Тақырыбы – «Ұлы Мұхтар» еді. Ешқандай өзгеріссіз, әуелгі калпында қайталадық. Қабыл алыңыз!

Мен Қазақ Мемлекеттік университетіне алыс ауылдан 1957 жылы келіп түстім. Сол жылы филология факультетіне кейіннен бүкіл республикаға мәлім болған бір топ жігіттер қабылданған екен. Бұлар – еліміздің әр тарабынан келген Әбіш Кекілбаев, Сайын Мұратбеков, Оразбек Сәрсенбаев, Сейілбек Исаев, Сонарбай Таңқаев, Нұрмахан Оразбеков, Сапархан Мырзабеков, Арғынбай Бекбосынов, Назарбек Қанафин, т.б. балалар.

Университетте Әуезовтің сабақ беретінін бұрыннан білетінбіз. Мұханның шығармаларын бала кезден оқып өстік. Біздің қиялымызда ертегідей адам болып көрінетін, әрине. Мұхаң бұрын бірінші курста қазақ фольклорынан дәріс өткізеді екен. Дәл сол 1957 жылы бұл пәннен оқуын тоқтатыпты. Тек "Абайтану", "СССР халықтары әдебиетінен" жоғарғы курстарда лекциялары бар екен. Ол кезде Абайтану – тұтас ғылым болып қалыптасқан сала.

Фольклордан бізге Сейділда Ордалиев дейтін Мұханның шәкірті сабақ берді. Белгілі ғалым, беріде марқұм болды. Ордалиевтің мамандығы фольклоршы емес, бірақ бізге сабақ берген кезде білімі терең, өте білгір болып көрінді. Менің мектепте жүрген кезімнен халық әдебиетіне ықыласым мол еді. Қолға түскен біраз теориялық еңбектерді іждағатпен оқи бастадым. Қазір ойлап тұрсам, Мұханның кеңесінің, толық лекциясының негізінде жүргізіп отырған екен Сейділда ақсақал (енді, онда жас әрине). Ол кезде қазақша шыққан фольклордың оқулығы, ғылыми тарихы жоқ. Одан бұрын жобаланған кітаптардың бәрі құрдымға кеткен. Ал, орыс әдебиетінде қалыптасқан ежелгі мектептерінің бәрі теріс деп жарияланған. Сондықтан Секең бар сабағын, ескі замандағы орыстың Буслаев, Афанасьевінен бастап, Мұханның үлгісі бойынша жүргізген екен. Сабаққа қосымша тапсырма ретінде Мұхаң біраз тізім беріпті, – Мұхаң берген тізім екенін кейін шамаладым, – сол тізім бойынша Орталық, Пушкин кітапханасынан іздеп тауып, фольклористикаға қатысты қаншама кітап оқығаным есімде. Өткен ғасырдан бастап, осы күнге дейінгі орыс фольклористерінің еңбектері: Веселовский, Потанин, Скафтымов, Орлов, Пропп...

Күзде біз келген бетте Мұхаң біраз уақытқа дейін көрінбеді. Ұмытпасам, октябрь айы болуы керек, “Мұхаң келіпті! Кафедрада отыр екен!” деген хабар жетті. Біз төрт-бес бала, сабақ арасында кафедраға тұра ұмтылды. Ұмтылғанмен, кафедраның есігін ашып қарай алмаймыз. Және бір емес, бірнеше баламыз. Кафедраға біреудің кіріп-шыққанын күттік. Бір уақытта әрі-бері ашылып-жабылған есіктен сығалай қарап Мұханды көріп қалдық. Ол тұғырға қонған бүркіттей үлкен, зор денесімен төрдегі үстел жанына көлденең қойылған креслода қырынан қарап отыр екен. Отырысы тік те емес, жайылып та кетпеген, өте айбарлы боп көрінді. Мұханды көрдік. Енді қашан шығады екен деп күттік. Одан әрі қарап тұруға қоңырау соғылып, үзіліс бітті, біз сабаққа кіріп кеттік. Лекциядан шыққанымызда Мұхаң кетіп қалыпты.

Ол кезде студенттердің біразы пәтерде тұратын және пәтер жиі ауысып жататын, тұрақты адресіміз жоқ. Үйден келген хат-хабарды Киров пен Коммунист (құдайға шүкір, қазір Бөгенбай батыр, Абылай хан аталады) көшелерінің қиылысындағы Бас поштадан барып алатынбыз. Бірде әдетімше, үйден ақша, немесе хат келді ме деп Бас поштаға бардым. Кіріп келген бетте бірден көрдім, Мұхаң тұр екен. Өзі сұрап алатын “до востребования” хат бөліміндегі “А” деген әріптің тұсында, жанында ешкім жоқ. Мұхаң жалғыз тұр. Қолындағы шағын куәлік кітапшасын отырған қызға ұсынып еді, қыз ұяны алып қарады да, онда хат-хабардан ештеңе жоқ екен, куәлікті қайтып берді. Сол орыстың қызы Мұханды таныған-танымағанын білмеймін, білсе де қызмет бабы солай ма, үндемей отыра берді. Оң жақ шынтағымен шыны алдындағы тұғырға сүйеніп тұрған Мұхаң кері бұрылды. Үстінде әдемі, қымбат көк жасыл костюмі бар екен. Мұханның бойы туралы айтылған деректі мен еш жерден оқыған да, естіген де емеспін. Ол толық кісі болатын, бірақ толықтығы аса байқалмайтын. Есесіне өте ірі денелі боп көрінетін. Осы жолы маған Мұханның бойы ұзын, тұлғасы өте зор көрінді. Мұхаң жайлап басып Бас пошта үйінен шығып жүре берді. Хат қаратып үлгергем жоқ, соңынан еріп, мен де шықтым. Мұхаң үйінің қай жерде екенін біз ол кезде білмейтінбіз, бірақ Абай, қазіргі Төлебаев көшесінде тұрады деп еститінбіз. Мұхаң Киров көшесімен барды да, оңға бұрылып, Абай көшесіне түсті. Ол кісі көліксіз жүрмеуі керек. Неге екенін білмеймін, сол жолы жаяу әрі жалғыз жүрді. Мезгіл ноябрь айының шамасы, күн жылы болатын. Мұхаң көшенің оң жақ бетімен жайлап, бірқалыпты, аспай-саспай, салмақты басып барады. Мен артынан жиырма қадамдай жерде ілесіп отырдым. Мұхаң үйіне жетіп, қақпасына енгенге дейін соңынан еріп бардым. Содан соң қазір Музей болып тұрған үйді төңіректей қарап, тағы біраз жүргенім есімде.

Енді келесі көргенім, көп ұзамай, 1957 жылдың 1958 жылға қараған Жаңа жыл кешінде болды. Қазіргі Төле би мен Байтұрсынов көшелерінің қиылысқан жерінде, қазір онда математиктер оқитын болуы керек, университеттің бас корпусы болатын. Филология факультеті де сонда, ректорат та сонда. Сағат кешкі он жарымның шамасы ғой деймін. Жаңа Жылдық кешке студент жастар тегіс жиналған. Шырша құрылған залға

көптеген әдемі әшекейлер тағылған. Ол кездегі би түрі қазіргіден басқаша. Танго билейді, фокстрот бар аз-маз желпініп алатын. Вальс бар шыр айналатын, бірақ вальсті жұрт жақсы көрмейді сол кезде, көбіне фокстротты билейтін. Сол фокстротты билеп, жұрт селкілдеп жатқан. Менің бишілігім шамалы еді. Биге сырттай қарап жүргем. Бір уақытта “Мұхаң келе жатыр!” деген у-ду сөз шықты. Естіген жұрттың бәрі тоқтады. Естімегендер бір жақ шетте билеп жатыр. Бас корпус үш қабатты үй. Біз, жаңылмасам, екінші қабатта болатынбыз. Мұхаң жоғары көтерілді. Үстінде ашық түстілеу сұрғылт костюмі бар. Соңында бір топ адам, қасында қосшылары, ректорымыз бастаған. Дарқанбаев деген биолог профессор; қасқа бас, тығыршықтай әдемі кісі болатын. Онда деканның орынбасары еді, кейін декан болды, Тауман Амандосов деген ұстазымыз бар – ер мінезді кісі еді. Кафедраның меңгерушісі Мәстүра Сармурзина апайымыз бар, өте көрікті. Бейсенбай Кенжебаев, Белгібай Шалабаев, Темірғали Нұртазин... – көп кісі. Мұхаң бізге “билей беріңдер...” деген ықыласпен жымып, бас изеп ілтипат білдірді. Жастар ойынын жалғастыра берді. Кейін естідік. Мұхаң жанындағы қосшыларымен бірге ректоратқа барыпты. Сол жерде Жаңа жыл құрметіне шампан атылып, мерекелік дәмнен ауыз тиіп, үйіне тез қайтып кетсе керек.

Үшінші курстың екінші жартысында Мұхтар Әуезов бізге “Абайтану” курсынан лекция оқи бастады. Ол лекция оқығанда мінбені пайдаланбайтын. Кәдімгі жайпақ стол басына отыратын. Мен үнемі дәл сондай екінші парта-столды алдыңғы столға тіреп қойып, қарама-қарсы, бетпе-бет, тым тақау отыратын едім. Мұхаң лекция барысында лепіріп, желпініп те сөйлемесуші еді. Аспай-саспай, анда-санда сәл-пәл жөткірініп тамағын кенеп қойып, екі қабағының арасы аз-маз жиырылып, бірқалыпты қоңыр үнмен, өз ойын мәнерлеп, орайлы сөзбен ұтымды жеткізетін. Кейде байсал аққан дариядай төгіліп кетеді. Мұхаңның лепесі – ойлы, мағналы, қазақы шешендіктің өзгеше үлгісі еді. Кейбір сәттерде құран мақамы анық аңдалатын. Сонымен қатар, өзі алдынан дәріс алған орыстың ескі ғұламаларының еуропалық мәдениетін де бойына сіңіргені күмәнсіз. Терең мағна мен сырлы әуез, көркем ой мен тың толғамдар – Мұхаңның әрбір сабағын шығыстың сиқырлы ертегісіне ұқсатар еді.

Сабаққа келгенде Мұхаңның қолында, шетелге барғанда алған болу керек, таза былғарыдан әдемі, көксұр папкасы болатын. Ортасындағы темір ысырмасын түймесінен айналдыра тартқан кезде папка екіге жарылып ашылады. Ішінде, әдетте, 1945 жылы басылған Абайдың толық жинағының он шақты парағы жүреді. Ол өлеңдерді көбіне Мұхаң лекция барысында пайдаланатын, басқа қағаз жоқ, әлбетте, төгіліп, ауызекі сөйлейді ғой... Мұхаңның әр сабағында университет оқытушылары тобымен, кейде бөгде бір адамдар да қатынасып отырады. Мұхаң өзімізге жеткенге дейін, одан кейін де біздер оның өзге курстарға оқыған лекциясына барып, дәрісін тындап жүрдік. Кезекті ұстаздарымыз келгенде, оның сабағына қатыспаған студенттердің өзін “Мұхаңның лекциясына кетті” дейді екен. Ондайда ешбір ұстаз студенттерге қарсы

уәж айтпайтын, жоқтамайтын. Есімде, бір жолы Есмағанбет Исмайыловтың сабағында екі топ – елу баладан үшеу-ақ қалыпты. Құрметті профессор студенттердің тең жарымы басқа жақта жүргенін аңдаса да, ешқандай реніш айтпай, дәрісін өткізе берген. Оның орнында басқа біреу болса да сөйтер еді. Бұл – Мұханның өте абыройлы, мерейі биік екендігінің әдепкі бір айғағы ғана болатын.

Абайтану курсында Мұхаң ұлы бабаның балауса кезінде жазылған “Юзі раушан, көзі гауһар” өлеңінен бастап, кейінгі, “Өлсем орным қара жер сыз болмай ма” толғауына дейін, бажайлап, жан-жақты қалай талдағаны есімде. Әдетте сөз болып отырған бір өлеңмен ғана шектелмейтін. Мәселен,

”Фзули, Шәмси, Сәйхали,  
Науаи, Сағди, Фердауси,  
Хожа-Хафиз – бу һәммәси  
Мәдәт бер иә шағири, фәрияд!” –

деп келетін өлең шумағынан соң Шығыстың осы ұлы шайырларының әрқайсысы туралы жеке-жеке, кеңінен толғанып әңгімелеп кетіп еді. Көл-көсір білімі ғана емес, шынайы мұсылмандығы танылып тұратын. Таза шығыстық ғұлама болатын. Білімімен ғана емес, бар болмысымен.

Жаңа айттым, мен әмәнда Мұхаңа қарама-қарсы, тым тақау отырам, арамыз бір құлашка жетпес. Үнемі әр қимылын, бет құбылысын, бүкіл түр-тұлғасын, бар киімі – көйлегінің жең, жағасы, галстугінің түйініне дейін бажайлап қараймын. Мұханның зор денесіне мүлде үйлеспейтін жағдай – қолы өте нәзік еді. Саусақтары тым салалы емес, бірақ ұзыншақ көрінетін, жінішке, бекзаттығы танылып тұратын. Кеудесі зор, иығы кең, соған қарамастан, шықшытты, маңдайлы басы тым үлкен көрінетін. Көзі ойлы, мұңды еді. Ал жүзі аса нұрлы болатын. Оң жақ шекесінде, самай үстінде бір шоғар, ұялы, қара-қоңыр меңі бар, біреуі өте ірі, оның жанында кішірек екеуі бар, ал одан әрі қарай ұсақ меңдер балалап кете беретін, он екі ме, он үш пе, санына жете алмадым. Жарияланып жүрген сүгіреттерінің бірде-бірінен осы меңдер көрінбейді. Баспаға түсерде ретушпен жойылып кететін болуы керек.

Мұхаң, роман-эпопеясы, арнайы зерттеулері тұрыпты, осы Абайтану дәрістері арқылы ғана болашақ мұғалім, болашақ әдебиетші қауымның әлденеше буынын Абайды ұғуға, Абай арқылы қазақ рухын, қазақ сөз өнерінің қадір-қасиетін ұғуға негіз жасады.

Әлбетте, Мұханның дәрістері қаншама мағналы болса да, қалыптан тыс артық сөз айтылмайды. Тек қана сабақ үстінде көргендіктен Мұханның мінез ерекшеліктерін, дүние танымының басқа бір қырларын аңдай алмадық. Тек өзім байқап, куә болған бірер жағдай.

Мұхаң бірде Абайтану бойынша оқылған лекция барысында: “Абайдың өмірбаянын алғаш Кәкітай жазып шығарды”, – деді.

Ол кезде Мұханды біз “Мұха” демейтінбіз. Қазіргі, жасымыз толысқан жазушылық деңгейімізде де Мұхаң тіріліп келе қалған күннің өзінде ол кісіге мен “Мұха” деп айта алмаған болар ем. Біз ұстазды “аға” дейтінбіз.

“Аға, – дедім мен. – Аға, Абайдың өмірбаянын алғаш жазған Әлихан Бөкейханов еді ғой”.

Мұхаң сасып қалды. Сәл кідіріп, бір сәт пауза жасады да, лекциясын жалғастырып оқи берді. Сәлден соң:

“Әй, оны саған кім айтты? – деді. – Ол – бекер сөз”, – деді. Сосын лекциясын ары қарай жалғастыра бере, бетіме тура қарап:

“Олай айтпа, сен, – деді. – Олай айтуға болмайды...”

Әрине, Мұхаң Әлихан Бөкейхановтың еңбегін өте жақсы, әрі терең білуі күмәнсіз. Менікі – Мұханды сынау да емес, өзімді көрсету де емес, ойға келген соң, ірікпей айта салған сөз еді. Әлбетте, бұл кезде, бұдан бұрын, университетте жаңа оқу басталғанда, белгілі жазушы, қатардағы зиялы тұрыпты, студент қауымының өзінің әрбір сөзі, ой-пікірі үнемі бақылау үстінде екенін жақсы білем, тіпті, қатарлас балалармен әдебиет, тарих турасында кеңескенде бөтен-бастақтан іркіліп отырар едім, бірақ осы жолы, Мұханның сырлы сөзіндегі аз ғана кілтипан артық лепеске жетелеп әкеткен сияқты.

Тағы бір жағдай. Оның мән-мағнасын кейінірек аңдадым. Төртінші курстың екінші семестрінде, яғни 61-жылдың наурыз, көкегінде Мұхаң бізге Абай заманындағы қазақ поэзиясы туралы арнайы семинар сабақтарын жүргізді. Әуелі екі-үш жұп дәріс оқыды, содан соң, семинар емес, баяндама деп, оншақты тақырып ұсынды. Бұл кезде мен, Әбіш Кекілбаев, тағы бірнеше жігіт, өзімізді жартылай данышпан, тым құрғанда, толысқан әдебиетші санаймыз. Кезекті тақырыптың қайсысына болмасын, жапырлай қол көтердік. Бірақ таң қаларлық жағдай, дәмелі жігіттердің ешқайсысына тақырып бұйырмады. Барлық баяндама, бізде өңі тәуір, мінездері де жақсы үш-төрт қыз бар еді, соларға, содан соң тағы бірнеше салғырт, бойкүйез жігітке берілді. Біз әуелде өкпеледік, содан соң Мұхаң кісі танымайды екен, әрі әдемі қыздарға ауып кетті деп күліп, өзімізді-өзіміз жұбаттық. Жаңа, артынан аңдадым деп отырғаным, Мұханның таңдауында ешқандай жаңсақ жоқ, бұдан бұрын алдына көсіліп шықпасақ та, бұл курста еркін ойлы, асау, әрі көп білетін балалар барын, және олардың нақты кім екенін қапысыз таныған. Сондықтан да, шатақ шығып кетпесін деп, бізді арнайы тақырыптан шеттеткен. Енді, тиесілі “баяндамаларды” талқылау кезінде де бізге есе тимеді. Тек мен ғана бір рет аңдаусыз өтіп кетсем керек. Тақырып – “Зар заман ақындары” болатын. Мен Шортанбай, Дулат, Мұраттан қаншама өлеңін жатқа айтып, талдай келе, мұнда ешқандай терістік жоқ, бәрін қайтадан, жаңаша бағалау керек дедім. Мұхаң бастан аяқ үнсіз тыңдады. Мақұлдамады, теріске де шығарған жоқ... Осы жақында, Әуезов музейінің қызметкері Талатбек Әкімов мен күтпеген бір дерек айтты. Мұханның ұстаздық дәптерінде менің аты-жөнім жазылып, “бес” деген баға қойылған көрінеді. Шынында да, таң қаларлық жағдай. Алдына шыққаным –

жаңағы. Яғни, “Зар заман” үшін “бес” қойған. Бәлкім, Әлихан Бөкейханов үшін бе екен?..

Төртінші курстың бірінші семестрінде ғой деймін, Мұхаң бізге “СССР халықтарының әдебиеті” бойынша дәріс оқыды. Мұхаңның жан-жақты, көл-көсір білімі ғаламат еді. Батыстың да, шығыстың да бар даналығын бойына жинақтаған. Кез келген жұрт әдебиеті, сол жұрттың бұрынғы-соңғы белгілі қаламгері туралы көсіліп, еркін сөйлейді. Және тақырып орайында әрқилы кепті қозғайды. Мен осы курсты да, Абайтануды да, тұтасымен болмаса да, негізгі, басым бөлігін, басқа курспен бірге, басқа жылдарда екі-үш рет тыңдаған шығармын. Бір тақырыптың өзі екі мәрте қайталанбас еді. Тіпті, бір аптада бір дәрісті үш-төрт рет өткерсе, үш-төрт түрлі, жаңа дәріс болып шығар еді. Соншама мол деректі көкірегіне түйген зердесінің күштілігіне таң қаламын. Бірде мындай жағдай болды. Мұхаң “Шаһнама” туралы сөйлеп отырып, оқиға барысындағы әлденендей бір детальді сәл жаңсақ айтты. Менің шығыс әдебиетін тәуір оқып жүрген кезім еді, ақсақал қателесті-ау деп ойладым да қойдым. Ұмытып қалыпты-ау, дедім іштей. Қазір менің жасым сол кездегі Мұхаңның жасына жеткен жоқ. Бұрынғы оқығаннан ұмытқанымыз – әлденендей бір көрініс емес, бәлкім, тұтас кітаптар шығар...

Мұхаңмен міндетті сабақтан тыс жағдайда сөйлескен, жүздескен жерім жоқ. Ол кезде баламыз. Ал бала болса да, ұлы Мұхтардың алдынан өткен, оның ілтипатына жеткен – Әбіш Кекілбаев еді.

Мұхаң бізге лекция оқымай тұрған 1959 жылы Әбіш Кекілбаев екеуіміз пәтерде бірге тұрдық. Әбіштің ауылда екі әпкесі, немере ағасы болды. Ал, мен болсам екі-үш үйдің ортасындағы жалғыз ұлмын. Тұрмысымыз оңды, әл-ауқатымыз жақсы. Үйден жиі-жиі ақша, тамақ келіп тұрады. Пәтер жайлы, әрі оңаша. Сабаққа қатысуымыз сирек. Бірақ әр күн, әр сағат есепте. Әбіш көбіне бұрқыратып жазып жатады, ал мен болсам көбіне оқимын.

Әбіш әдеби бірлестіктің бастығы. Біз үшін өте үлкен мансап. Ал мен бірлестік шығаратын “Шағала” қабырға газетінің редакторы едім. Ол кезде “Шағала” газетіне жарияланудың өзі үлкен күш, филология факультетіндегі ең мықты деген ақындарымыз, талантты жазушыларымыз “Шағала” арқылы танылып жататын.

“Шағалада” Әбіштің ұлы ақынға арналған “Махамбет” атты поэмасы жарық көрді. Азаттық ұраны, ақындық кең тыныспен, асқақ шабытпен жазылған тамаша толғау болатын. Іле-шала университеттегі “Филолог” газетінде “Махамбет” поэмасы – ұлтшылдық” деген мақала басылып, Әбіштің туындысы арамза сынға алынды. Бір айта кететін жағдай, кейін осы поэма Әбіштің алғашқы жыр жинағына енгенде, оның ішіндегі ұлттық сарындар қысқарып қалды, редактор тарабынан бөгде сөздер қосылыпты; Әбішке айтып жүрмін, әуелгі қалпында “Жұлдызда” қайта бастырайық деп.

Бірде Әбіш “бірлестік Мұхтар Әуезовпен кездесу өткізсе, соған орай алдын-ала сұрақтар дайындап берсек” деген ұсыныс айтты. Сауалдарын

өзі ойлап құрады. Мен бірер үстеме жасадым ғой деймін. Кейбірін нақтылауда Қабіболла Сыдықов кеңес қосқаны есімде.

Дайын сұрақтарды Әбіш корпустағы журналистика бөліміндегі машбюроға әкеліп, түртіп отырып баяу басып, бір бет қағазға түсірді. Енді мұны Мұхаң тапсыру оңай емес. Ондай кісімен ауызба-ауыз сөйлесіп, қағазды беру үшін үлкен жүрек пен батырлық керек еді. Ақыры тәуекелге бел байлап Әбіш Мұхаңа барып сөйлесті. Кафедраға соға қалған бір жолы. Сұрақтарды тапсырдым, жауабын да алдым деп келді. Біз ұстаз өз жауабын ойланып-толғанып асықпай айтады деп шамалағанбыз. Алайда, Мұхаң сұрақтарға жауабын сол арада, қолма-қол жазып қайтарыпты. Біздің Әуезовке сұрақ бергеніміз, ол кісінің жауап қайтарғаны астана басылым орындарында тез тарап кетіпті. “Лениншіл жас” газетінің қызметкері Бекен Әбдіразақов 2-линиядағы пәтерімізге арнайы іздеп келіп, Әбіштің қолындағы Мұхаң толтырған қағазын сұрап әкетті. Арада екі-үш күн өтер-өтпестен Әуезовке Әбіштің дайындап берген сұрақтары, оған Мұхаңның қайтарған жауаптары газет бетінде жарияланды. Әрине, бұл – үлкен оқиға еді. Біз үшін ғана емес, әдебиет үшін. Аз-маз ренжігеніміз, “Лениншіл жастың” өте көп білетін қызметкері, бәлкім редакторы екі жерде Мұхаңа түзету жасапты. Бірі – “Лев Толстой мен Шекспир” деген сөзде Шекспирдің есімін айғақтаған: “Лев Толстой мен Вильям Шекспир...” Сөйлемнің әуезі бұзылғаны өз алдына, Арыстан Толстоймен қатар аталуға тиіс ұлы Шекспир біреу-ақ қой; оның үстіне Мұхаң ешқашан да Вильям деп, орысша жайдақтап айтпайды, ғылыми әдебиетте және академиялық басылымдарда ағылшынша дыбысталуына сәйкес – Уильям. Екіншісі – стильдік бүлдіріс еді, қазір нақты есімде жоқ, Мұхаңның интервьюін қадағалап оқысам, табар едім. Газет қызметкері қағазды қайтарып әкеп берді, қазір ұлы Мұхаңның бұл қолтаңбасы Әбіштің жеке архивінде сақталса керек.

Әуелгі әрекет осымен бітті. Біз ретін таппадық па, Мұхаңның орайы келмеді ме, кездесудің сәті түспеді. Бұл – 59-жылдың ақыры болса керек. 60-жылдың күзінде, біз төртінші курстамыз, Әбіш университетте Әуезов кешін өткізсек деген ойын жүзеге асыруға кірісе бастады. Университетті бітірген Қадыр Мырзалиев біз келген жылы танылып қалған ақын болатын. Әбіш екеуіміз онымен жақсы араласып, пәтеріне жиі-жиі барып тұратынбыз. Үйдің шәйін ішіп көңіліміз жайланатын. Дәмді басылған палау жейтінбіз. Ақын үйінің бір қабырғасына тұтас кітап жиналған. Біз көптігіне таңданамыз, өзіміз де кітап жинап жүргенбіз. Енді кеңес сұрай бардық. Ұзын-ырғасы есімде жоқ. Қадыр біраз ақыл қосты. Кездесуді ұйымдастыруда әдеби бірлестіктің жетекшісі Зейнолла Қабдолов та бірталай көмек жасады.

Дүкенбай мен Оразбектің тағы басқа ақындарымыздың, әлі кітабы шықпаған университет жастарының өлеңдері Мұхаң ауқымына аздық ететіндіктен, бұл кезде танымал болып қалған, алғашқы жинақтары шыққан ең мықты ақындардың, ішінде Қадыр да бар, өлеңдерін жинастырып Мұхаңа табыстадық. Әбіш пе, Мұхаңа жақын оқытушылардың бірі ме – нақты кім апарғаны есімде жоқ. Әбіш өзі баяндамаға

дайындалды. Ол кезде қазіргідей табак қағаз біздің қолға түсе бермейді, Әбіш тор көз дәптердің қос бетіне ұзынынан жазып, көлемді баяндама әзірледі.

Сонымен, университет жастарының өміріндегі тарихи күн – 26-декабрь де келіп жетті. Тарихи ғана емес, дәстүрлі күн дер едім. Өйткені, Мұхаң дүниеден көшкеннен соң, шамасы жиырма-жиырма бес жыл бойы сол күні Қазақ университетінде ұлы жазушының құрметіне арналған әдеби кеш өткізу салтқа айналып еді. Бәлкім, біздің бүгінгі, дәл сол күнге жиналған естелік кешіміз бағзыдағы ұлағатты істі қайта жаңғыртар.

1960 жылғы атаулы кешке университеттің бүкіл ұстаздары мен студенттер, астанадағы ақын-жазушылар түгел жиналды. Ілкіде Үкімет үйі болған, қазір Өнер институты, Бас поштамт қасындағы Бас корпусының бұрын мемлекеттік мәжілістер өткізілген сәулетті, акт залы лықа толды. Дәрежесі жоғарылау деген қаламгерлеріміз Мұхаңды ортаға алып, алдыңғы қатарға орналасып жатты. Дәрежесі төмендеулер олардың артын ала жан-жағын қоршай орналасуда.

Кешті ұйымдастырып жүрген біздер асып-сасып қатты әбігерге түстік. Мені көзімен іздеген Әбіш жан-жағына қарғыштап: “Мұхтар, Мұхтар!” – деп қайталап шақыра береді. Мұны өзі деп білмесе де, түйеден түскендей қылып атап тұрған соң, Мұхаң қатты қысылған көрінеді. Оны байқамаған Әбіш атымды қайталай айтып, мені іздеуін қоймайды. Бұл ыңғайсыздықты бірден аңғарған Қадыр: “Мұха, Әбіштің Мұхтар деп шақырып тұрғаны өзінің досы. Ол да студент. Бүгінгі кешті ұйымдастырып жүрген жігіттердің бірі,” – деп түсіндіріпті. Мұхаң да сасқанынан: “Фамилиясы кім?” – деп сұрапты жалма-жан. “Мұхтар Мағауин”. “Е, бәлі, аты да фамилиясы да жақсы екен”, – деп қалыпты Мұхаң өзінің қысылуын жуып-шайып. Бұл әңгімені біз кеш біткесін, Қадырдың өз аузынан естідік.

Өзі ақын, өзі сыншы, таланты ерте танылған Әбіштің жақсы, мазмұнды баяндамасы тұсында, жалпы бүкіл кеш барысында Мұхаң өзінің ішкі ризалығын жасыра алмай, жан толқынысын, шәкірттеріне мейірімді ыстық сезімін айқын білдіріп отырды. Бар болғаны жиырма жастағы Әбіш Кекілбаев та Мұхаң назарына осы жолы ілініп еді. Кейін бірнеше жерде, түрлі басқосуларда: “Жуырда жақсы кеш өтті; сонда бірлестік атынан баяндама жасаған бір студент – аса талантты жігіт екен”, “болайын деп тұрған бала екен” деп Әбішті қайта-қайта есіне алып мақтапты. Бізге әуелде ұзынқұлақтан жетіп еді, кейін ғылыми жетекшім, профессор Бейсенбай Кенжебаевтың аузынан нақты естідім. Мұхаңның осы кездесу кешіндегі қорытынды сөзі көп ұзамай-ақ «Лениншіл жас» газетіне басылып шықты. Және шағын ақпар берілсе керек. Әбіштің есімі аталған, аталмағаны жадымда жоқ. Алайда, сондағы баяндамасы мәнді, мазмұнды, дайын тұрған сын мақала болатын. Жоғалып кетпесе, баспасөз бетінен әлі де жарық көргені жөн болар еді.

Сол кеште Мұхаң әдебиет ақсақалы ретінде өз шәкірттеріне, қазақтың жаңа әдебиетіне бата бергендей еді. Мұхаң өнер саласының жүгін арқалаған қазақ жастарынан Шәмші сияқты жас композитор, Қанапия

Телжанов сияқты жас суретшілерді атай келе, алғашқы кітаптары ғана шыққан Тұманбай, Сағи, Қадыр ақындардың шығармаларына жеке-жеке тоқталып, терең талдау жасады. Олардың болашағына үлкен сенім білдірді. Мұхаң атын атаған жас есімдер кейін үлкен тұлғаларға айналып, мәдениет пен әдебиетімізге сүбелі үлес қосты. Арада қаншама жыл өтсе де, ұлы ұстаздың сонда сөйлеген сөзі өз кезеңінде қалып қоймай бүгінге келіп жетті. Қайыра оқып көрсек, біраз мәселені жаңаша байыптар едік. Мәселен, Мұхаң қазақ сурет-өнерінің бастауы туралы айтқанда, Орал Таңсықбаевтың есімін атайды. Ал біз XX ғасырдағы ұлы суретшімізді тарихымызға енгізуге әлі күнге ой-санамыз, таным-білігіміз жетпей келеді. Мұханның сөзінің ең соңында: алдыңғы буын алдыңғы заманның көп жаманшылығын ала келді дегені бар. Бұдан артық қалай айтпақ. Сол жамандықтан ендігі жас буын аулақ болса, әдебиетке адалдық, әділдік әкелсе дейді. Бұл сөздерді айтқан кезде Мұханның жарты-ақ жыл ғұмыры қалған екен. Басы – бата, соңы – өсиет, бақұл сөз.

Мұхаң өмірден күтпеген жерден оқыс кетті. Ұстаз жерленетін күн айрықша есімде қалыпты. Оның денесі Абай атындағы Опера және балет театрына қойылды. Алаң толы халық. Қоштасуға келгендердің шеті де, шегі де жоқ. Ұзын, ширек шақырымға созылды. Театр ішінде, Мұханның басында қаралы музыка ойналып, әлсін-әлсін жоқтау айтылады. Музыка – азалы, мұнды халық күйлері, жоқтау да ежелгі әндер, қазақ операсындағы зарлы әуендер. Күйлер Құрманғазы оркестрінің орындауындағы жазбалар бойынша берілсе, жоқтау айтқан Бибігүл Төлегенова мен Шабал Бейсекова және “Абай” операсынан атаулы арияларды күңіrentкен Ришат Абдуллин, Ермек Серкебаевтар өз дауыстарымен, тікелей қатысты. Мұханды жерлеу рәсімі қазақы жағдайда, ұлттық деңгейде өтті. Және ол тек қана Әуезовке лайық, халықтың ортақ қайғысы дәрежесінде өтті.

Сағат бірге таман болуы керек, сүйек ақырғы сапарына шықты. Мұханның денесі Ташкент көшесі бойындағы зиратқа жерленуге тиіс еді. Студенттер табыт алдында екеу ара, немесе жеке-жеке венюк алып жүріп отырды, тек қана қаралы венюк көтерген студенттердің тізбегі тұтас бір кварталдан астам жерге созылды. Ташкент көшесіне дейін жаяу бардық. Қаралы шеру төрт-бес шақырым бойы ың-шыңсыз, ақырын жүрді. Біз Мұхаң туралы жол бойы үзбестен баяу әңгіме шертіп отырдық. Қабір басында қаралы митинг өтті. Мүсіреповтің қалай сөйлегені есімде, өте мәнді, ұлағатты сөз айтты. “Ат тұяғын тай басар” деген сөз әдебиетке жүрмейді, Мұханның орны ешқашан толмайды деді. Мұханның денесі қабірге салынған сәтте жүрегіміз бір төңкеріліп түскендей өзгеше толқыныс болды. Қабір топырағы үйіліп біткен кезде менің мұрнымнан қан сау етіп, ақ көйлегімнің омырауына төгілді, кейін Мұханның басында болған сол көйлекті қимай, қызылға боятып кідім, ол кезде ең тәуір мода – жасыл шалбар, қызыл көйлек болатын.

Ұлылардың кескін-кейпі әрқилы. Кейбір ұлы адам көзге қораш, қарапайым көрінеді. Түр-тұлғасы тым елеусіз болады. Ал, Мұханның ұлылығы оның пайғамбар сияқты келбетінен көрініп тұрушы еді. Көзі тірісінде атағы әлемге жайылды. Мұханнан бұрын-соңды осыншама

даңққа бөленген қазақ болған жоқ. Оның тұлғасынан ғана емес, отырған отырыс, жүрген жүріс, сөйлеген сөз – бүкіл болмысынан ұлылығы танылушы еді. Бетінен нұр шашылып тұратын. Оны бір көрген адам өмір-бақи ұмыта алмас еді.

Біз – қазақ әдебиетіндегі бақытты буынбыз. Біздің бақытымыз – алдымызда Ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезовтің болғандығы. Әуезовтен кейін де әдебиетте көптеген мықтылар шықты. Қазақтың сөз өнерін жаңа арнаға түсірген, қазақ рухын айғақтаған, қазақ тілін түрлендірген. Бірақ, Әуезовсіз қазақ әдебиеті қазіргі деңгейіне көтеріле алмас еді. Мұханның өзгеше үлгісі болмаса, біз осы дәрежеге жете алмас едік.

Екінші бақытымыз – Мұханның алдын көргеніміз, ол кісінің ұлағатын құлаққа құйып, бойға сіңіруіміз. Мұханды көзімен көріп, тым құрса бір ауыз сөзін естіген адам ұлылық туралы толық дәріс, бүкіл өміріне жететін тағлым алатын еді.

1996, Алматы;  
21.I.2018, Силвер Спринг – Күміс Бұлақ,  
Мэриленд, АҚШ.